

Qoldau 24/7 арқылы уақытша сақтандыру мәртебесін қалай болады?

Халықтың әлеуметтік осал топтары мемлекет есебінен, МӘМС аясында медициналық көмек ала алады. Сіз үйден шықпай-ақ, Qoldau 24/7 қосымшасын қолдана отырып, уақытша сақтандыру мәртебесін ала аласыз (кейбір санаттағы азаматтардың мәртебесі сақтандырылмаған жағдайда).

Бұл қосымша Android және iOS платформаларында қол жетімді және қолданыста өте қарапайым. Qoldau 24/7 қосымшасы көмегімен уақытша сақтандыру мәртебесін алудың толық нұсқаулығын ұсынамыз.

- Qoldau 24/7 мобильді қосымшасын AppStore немесе Play Market-тен жүктеп, орнатыңыз;
- Жүйеге тіркеліңіз: электрондық пошта мекенжайын, тегін, атын және байланыс телефонын енгізу;
- Тіркеліп, жүйеге кіргеннен кейін төменгі оң жақ бұрыштағы **«Бізге жазыңыз»** түймесін басыңыз;
- **«Өтініш құру»** нысанында **«Кеңес алу»** санатын таңдаңыз;
- Әрі қарай, тұратын аймақты таңдаңыз;
- **«Өтініш мәтіні»** өрісінде жеңілдік санатын және ЖСН көрсетуді ұмытпаңыз;
- Растайтын құжаттың фотосын немесе сканерленген түрін тіркеңіз. **«Файл тіркеу»** түймесін басып, галереядан құжатты таңдаңыз немесе суретке түсіріңіз;
- **«Өтінішті жіберу»** түймесін басыңыз;

Құжат дұрыс толтырылған жағдайда, **«Өтініш сәтті құрылды! Терезені жабу үшін басыңыз»** жазбалары шығады. Барлық талаптар дұрыс орындалған жағдайда, 30 минут ішінде МӘМС жүйесіндегі мәртебеңіз жаңартылады.